


Сабақтың тақырыбы:

**10 сынып Елді
мекендердің түрлері.**

Урбандалу


11 сынып Франция



*** Психологиялық дайындық
“Жүректен-жүрекке”**

Білу Үй тапсырмасын пысықтау

1. 10 сынып “Сұрақ-жауап әдісі”
2. 11 сынып Тест жұмысы



Мақсаты:

Білімділік: 10-сынып Оқушыларға дүние жүзі халқының қоныстану түрлері, урбандалу, қала және ауыл халқы жөнінде түсіндіру

11-сынып Оқушыларға Франция экономикалық-географиялық жағдайы, табиғат жағдайлары мен табиғат ресурстары, халқы жөнінде түсіндіру.

Дамыту: Өз бетінше ізденіспен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге дағдыландыру. Өз ойларын еркін де сауатты, нақты жеткізу қабілеттерін арттыру.

Тәрбиелік: Жан-жақтылыққа, ізденімпаздыққа баулу, тыңдай және сөйлей білу мәдениетін арттыру.

*Түсіну

Жаңа сабақты меңгеру

10-сынып

1. Мәтінмен жұмыс
2. 1жұп Қоныстану түрлері.
Қалалар
3. 2 жұп Урбандалу, даму
кезеңдері

11-сынып

1. Шығармашылық жұмыс
2. Табиғат ресурстарына
3. Халқына **кластер құру**

ФРАНЦИЯ





Жерінің ауданы – 551 мың км²

Халқы – 64,1 млн адам (2014 ж.)

Астанасы – Париж

**Мемлекеттік құрылымы –
республика**

Мемлекет басшысы – президент

Үкімет басшысы – премьер-министр

**Заң шығарушы органы –
екіпалаталы парламент**

Мемлекеттік тілі – француз тілі

Ақша бірлігі – еуро



Қолдану



Картамен жұмыс

Қолдану



* Кескін картамен ЖҰМЫС

11 сынып – Францияның
географиялық орны, астанасы,
шекарасы және шекаралас
мемлекеттері

10 сынып Ірі мегаполистер мен
агломерацияларды түсіру

Пікір алмасу

11 сынып – Франция мен
Қазақстанның ерекшелігі
10 сынып- Ауыл халқы саны
неге азаюда..?



* Тапсырмалар әлемі

11 сынып – Географиялық диктант

Франция жерінің ауданы Ұлыбританиядан _____ үлкен.

Француз қоғамдастығы деп аталатын бірлестікке _____ шалғай департамент және шалғай аумақтар жатады.

Француздар өз елін _____ деп атайды.

Францияның солтүстігінде _____ мемлекеттерімен шектеседі.

Францияның теңіздік шекаралары _____ арқылы өтеді.

Франция мемлекеттік құрылымы жөнінен _____ республика болып табылады.

Заң шығарушы орган – _____ палатадан тұр.

Ел тұрғындарының өмір жасының орташа ұзақтылығы ер адамдар үшін _____, әйелдерде - _____.

Халқының ұлттық құрамы салыстырмалы түрде _____.

Экономикалық аудандарының орталықтары:

10 сынып тест

Жинақтау



Географиялық диктанттың жауаптары:

Франция жерінің ауданы Ұлыбританиядан екі есе үлкен.

Француз қоғамдастығы деп аталатын бірлестікке бес шалғай департамент және шалғай аумақтар жатады.

Француздар өз елін «гексагон» деп атайды.

Францияның солтүстігінде Бельгия мен Люксембург мемлекеттерімен шектеседі.

Францияның теңіздік шекаралары Жерорта теңізі, Бискай шығанағы және Ла-Манш бұғазы арқылы өтеді.

Франция мемлекеттік құрылымы жөнінен унитарлы республика болып табылады.

Заң шығарушы орган – екі палатадан тұр.


Ел тұрғындарының өмір жасының орташа ұзақтылығы ер адамдар үшін 79 жас, әйелдерде 85 жас.

Халқының ұлттық құрамы салыстырмалы түрде біркелкі.

Экономикалық аудандарының орталықтары: Лион, Марсель, Бордо, Лилль.

*Кері байланыс

КЕРІ БАЙЛАНЫС



- Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, желкенді **жасыл түске** боя;
- Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, желкенді **сары түске** боя;
- Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып, мұғалімнің көмегі қажет болса, желкенді **қызыл түске** боя.

Егер қаласаң, кемеңі де бояуыңа болады

Бағалау



“Барлығы өз қолыңда”

Бағалау парағы

Мұғалімнің бағалауы

***Үй тапсырмасы**

10 сынып §24 118 бет

11 сынып §23 129 бет

